

Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 мамырдағы N 381 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 мамырдағы
№ 650 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.05.21 № 650 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасы бекітілсін.
2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

1 1

м а м ы р д а ғ ы

N

3 8 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасы 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының азаматтарын жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасы "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының (бұдан әрі - Заң) 41-бабына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасында азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту соғыс жағдайы енгізілген кезеңде жүргізіледі.

3. Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқытудың мақсаты халықты азаматтық қорғаныс іс-шараларына тарту және соғыс уақытында Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау үшін қажетті контингент даярлау болып табылады.

4. Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту жөніндегі іс-шараларды бақылауды жергілікті әскери басқару органдары арқылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасында азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқытуға м ы н а л а р т а р т ы л а д ы :

- 1) он алты жастан бастап қоса алғанда елу бес жасқа дейінгі ерлер;
- 2) балалары жоқ немесе балалары он жастан асқан, он сегіз жастан бастап қоса алғанда қырық бес жасқа дейінгі әйелдер.

6. Соғыс жағдайы енгізілген кезеңде жалпыға бірдей әскери оқытудан азаматтар Заңда көзделген негіздер бойынша босатылады.

7. Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқытуға 25 оқу сағаты бөлінеді.

8. Соғыс жағдайы енгізілген кезеңде азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту бойынша сабақтар өткізуге арналған оқыту пункттері азаматтардың жұмыс, оқу орны және тұрғылықты жері бойынша құрылады.

2. Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасы

Р / с N №	Тақырыптың атауы	Уақыты	Өткізу нысаны
1	2	3	4
1. Кіріспе			
1.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі. Соғыс жағдайы енгізілген кезеңіндегі әлемдегі әскери-саяси жағдай	1 сағат	дәріс
2. Азаматтық қорғаныс			
2.	Қазіргі заманғы зақымдау құралдары. Төтенше жағдайларда халықты қорғау жөніндегі негізгі іс-шаралар. Жеке және ұжымдық қорғану құралдары	1 сағат	дәріс
3.	Жұқпалы аурулар негізгі топтарының және бактериологиялық (биологиялық) зақымдау ошақтарының сипаты. Карантин және обсервация туралы түсінік	1 сағат	дәріс
4.	Жараланған, мертіккен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Танудың, қан кетуді тоқтатудың құралдары мен тәсілдері	2 сағат	практикалық сабақ
5.	Жеке қорғану құралдары. Олардың жіктелуі	2 сағат	практикалық сабақ
3. Тактикалық даярлық			
6.	Жауынгерлік қимылдарды ұйымдастыру негіздері. Ұрыста оқ ату. Оқ ату жүйесі	1 сағат	дәріс
7.	Сарбаздың ұрыстағы қимылдары. Сарбаз шабуылда	1 сағат	дәріс
8.	Сарбаз қорғаныста. Бөлімше қорғаныста	1 сағат	дәріс
4. Оқ ату даярлығы			
9.	Қарудың материалдық бөлігі (АКМ, ПК). Автоматты (окшашарды) бөлшектеу және құрастыру	2 сағат	практикалық сабақ
10.	Жарықшақты қол гранаталарының материалдық бөлігі	1 сағат	практикалық сабақ

11.	Атыстың негіздері мен ережелері	1 сағат	дәріс
12.	Жылжымайтын нысаналар бойынша орнынан оқ ату	4 сағат	практикалық сабақ
5. Инженерлік даярлық			
13.	Бекіністі инженерлік жабдықтау және бүркемелеу	1 сағат	дәріс
14.	Автоматтан, оқшашардан және гранататқыштан атуға арналған жеке және екі адамдық окоптарды жабдықтау	2 сағат	практикалық сабақ
6. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғылары			
15.	Қарулы Күштердің жалпыәскери жарғылары туралы түсінік. Әскери ұжымның өмірі мен қызметіндегі жалпыәскери жарғылардың мәні. Әскери қызметшілердің жалпы міндеттері	1 сағат	дәріс
16.	Әскери атақтар, айырым белгілері. Ротаның тәуліктік нарядының тағайындалуы, құрамы және қару-жарағы. Тәуліктік нарядтың міндеттері	1 сағат	дәріс
7. Әскери топография			
17.	Жергілікті жерлерде картасыз бағдар алу және азимут бойынша жылжу	2 сағат	практикалық сабақ
	Барлығы:	25 сағат	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК